

THE PECULIARITIES OF INVESTING SERVICE AT THE PARTICULAR SECTORS OF THE ECONOMICS

K. N. Beketova, B. B. Baisariyeva

Kyzylorda state university named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

Key word: investment, investment climate, types of investment, investment on fixed capital, investment activity.

Abstract. The article analyses the main types and efficiency of the investment activities in Kazakhstan. The author makes conclusion by maintaining the importance of the investment for the economic growth.

ӨОЖ 332.146:330.322

ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ. Н. Бекетова, Б. Б. Байсариева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан

Тірек сөздер: инвестиция, инвестициялық климат, инвестиция типтері, негізгі капиталға салынған инвестициялар, инвестициялық қызмет.

Аннотация. Республикада, аймақта инвестициялық процесс көптеген дербес бағыттар бойынша жүреді. Инвестициялар кез келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады. Қазіргі таңда көптеген кәсіпорындар өз қызметтерін инвестиция есебінен қаржыландырып, дамытуда. Осыған орай, инвестициялық іс-әрекетті талдауда оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшеленудің маңызы зор.

Қазақстан экономикасын тұрақтандыру және дамытудың маңызды жолдарының бірі – инвестициялық қызметті ұлғайту, ең алдымен, еліміздің ішкі резервтерін жұмылдыру және көбірек тиімді пайдалану болып табылады.

Инвестиция – маңызды экономикалық категория ретінде макро- және микродеңгейде, ең алдымен, жай және кеңейтілген ұдайы өндіріс үшін, құрылымдық қайта құрулар үшін, пайданы барынша арттыру үшін және осының негізінде көптеген экономикалық мәселелерді шешу үшін айрықша үлкен рөл атқарады [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 28.01.2011 жылғы Жолдауында: «Қазақстанның халықаралық резерві бүгінде 60 млрд долларға жуық қаржыны құрайды. Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасында 120 млрд доллардан астам шетел инвестициясы тартылғанын» атап өткен. Сонымен қатар 2014 жылға дейін 8,1 трлн теңге қаражатқа 294 инвестициялық жобалар жоспарланған. Отандық және шетелдік инвестиция көлемі экономиканың шикізат емес саласында 30%-дан кем емес мөлшерге өседі» делінді [1].

Шетел капиталын Қазақстанға тарту республика экономикасын дамытудың конъюктуралық, тактикалық және стратегиялық міндеттеріне жатады, Қазақстан басқа елдер сияқты шетел инвестициясын келесі факторлар есебінде қарастырады:

– экономикалық және тактикалық үдістерді жеңілдету;

- өндірістік ақпаратты жаңарту;
- өндірісіті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы әдістерін меңгеру;
- нарықтық экономиканың талаптарына сай кадрлер дайындауды және жұмыспен қамтуды іске асыру.

Ең бастысы шетел инвесторлары үшін тартымды жағдайды туғызу тұрақты және болашағы бар шетел инвесторларын табу және олардың капиталын басымды салалар, өндірістер, қызмет түрлеріне бағыттау қажет.

Бұл факторларды 2 топқа бөлуге болады:

1. Жағымды факторлар:

- табиғи ресурстарды қолдануға мүмкіндік беру;
- нарықтың жоғары потенциалдылығы;
- пайданың нақты коэффициенті;
- өз бәсекелестерінен бұрын аймықта орын алу арманы;
- бизнес үшін Қазақстанның стратегиялық орналасуы;
- Қазақстан тұрғындары білімінің жоғарғы деңгейі.

2. Жағымсыз факторлар:

- өндіру қарқынының төмендеуі;
- салықтық заңдар мен кедендік реттеудің жетілдірілмегендігі;
- инфляция;
- шетел инвесторларының Қазақстандағы болып жатқан процесстер жайлы толық ақпарат ала алмауы. [2].

Инвестициялардың барлық типтерін топтауға болады және келесідей сыныптамада көрсетуге болады (1-сурет).



1-сурет – Негізгі белгілері бойынша инвестициялардың сыныптамасы

Инвестиция типтері және тәуелділік деңгейінің арасындағы тәуелділікті төменгі кесте түрінде көрсетуге болады (1-кесте) [3].

1-кесте – Инвестиция типтері және тәуелділік деңгейінің арасындағы тәуелділік

1 тип	2 тип	3 тип	4 тип
Тиімділігі жоғары инвестициялар	Өндірістің ұлғаюына жұмсалатын инвестициялар	Жаңа инвестицияларды құру үшін инвестиция	Мемлекеттік басқару органдарының талаптарын қанағаттандару мақсатындағы инвестициялар

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар Нидерландия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Швейцария, Ресей елдерінен белсенді түрде құйылуда.

Инвестициясыз ішкі және сыртқы рыноктардағы тауар өндірушілердің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету, қазіргі кездегі капитал жұмсалымдарының болулары мүмкін емес.

Бүгінде халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан шетелдік инвестицияларды тарту үшін барынша тартымды әлем елдерінің қатарына кіреді.

Қазақстан Республикасының негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2012 жылдың қаңтар-ақпан айларымен салыстырғанда 2013 жылдың қаңтар-ақпанында өсу қарқыны байқалады (2-кесте) [4].

2-кесте – Негізгі капиталға салынған инвестициялар (қаңтар-ақпан 2013)

Қалалар, облыстар	млн. теңге	2012 жылғы қаңтар-ақпанға %-бен
Қазақстан Республикасы	503 709	105,2
Ақмола	6 870	82,4
Ақтөбе	35 192	113,2
Алматы	31 272	70,0
Атырау	165 501	106,0
Батыс Қазақстан	17 217	140,6
Жамбыл	6 243	99,4
Қарағанды	32 266	127,4
Қостанай	15 459	120,8
Қызылорда	18 506	128,6
Маңғыстау	44 654	132,0
Оңтүстік Қазақстан	13 505	95,7
Павлодар	21 320	118,6
Солтүстік Қазақстан	4 966	85,3
Шығыс Қазақстан	23 578	141,2
Астана қаласы	30 540	92,4
Алматы қаласы	36 620	86,0

Рыноктік инфрақұрылымдардың және әлемдік тауар өндірушілердің құрылымдық және сапалық өзгертулерінің процесстері инвестициялаудың есебімен және жолымен жүзеге асырылады. Инвестициялау экономикалық өсуді, аймақтың әлеуметтік жағдайын, халықтың жұмыспен қамтылуын және сонымен қатар елдің экономикасының дамуын анықтайды.

Жалпы елімізде тікелей инвестициялар негізінен мұнай өндіру және өңдеу өндірісіне, түсті және қара металлургия кәсіпорындарына, газ өнеркәсібіне және байланыстарға құйылуда. Инвестицияның көлемі бойынша ірі инвесторлардың бірі АҚШ елі болып келді. Соңғы кездері Қытай мен Ресей елдері біздің елімізге өз инвестицияларын салуда. Бірақ, соған қарамастан қазіргі кезде мұнай-газ саласына инвестицияларды тартуда қиыншылықтар туындауда деп айтуға болады.

ҚР мұнай-газ кешені – экономиканы тұрақтандыруға қомақты үлес қосатын елдің басты салаларының бірі, егемен мемлекеттің экономикасының ең маңызды құрама бөлігі болып саналатын шаруашылықтың басым, жетекші саласы. Ол жалпы ұлттық өнімнің, бюджет кірістерінің және елге валюта түсімдерінің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді.

Мұнай-газ саласын дамытудың негізгі басымдылықтары: ұлттық энергиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергия ресурстарын өсіру, оларды тиімді пайдалану, экспортты және ішкі құбырларды салу, осылардың барлығы республика экономикасының тұрақты өсуіне жағдай туғызуы тиіс.


Тәуелсіздік жылдары мұнай-газ саласы дамып, нығайып және экономиканың локомотивіне айналды. Осындай қысқа уақыт аралығында мұнай-газ секторы ұлттық экономикамен қатар өтпелі кезеңнің және нарықтық реформалардың бүкіл ауыртпашылығынан өтіп, әлемдік экономикалық дағдарыстардың зардаптарын бастан кешірді. Салада түбегейлі құрылымдық қайта құрулар жүзеге асып, басқару жүйесі де барынша өзгеріске ұшырады.

Мұнай-газ саласының елдің саяси және әлеуметтік дамуындағы рөлін аса бағалау мүмкін емес. Біріншіден, мұнай-газ кешені ҚР тәуелсіздігінің басты құраушыларының бірі, оның экономикалық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуші болып табылады. Екіншіден, Қазақстан әлемдік шаруашылық байланыстарға кеңінен тартылған, көлемді ауқымдандыру үрдісіне қатыстырылған. Мұнай бұрыннан бақталастық тәрізді халықаралық сауда мен ынтымақтастық тақырыбы болып саналады, яғни экономикалық мүдделерді қанағаттандырумен қатар саяси мақсаттар да жүзеге асырылады. Үшіншіден, мұнай және газ жобаларын бюджетке салықтық түсімдер арқылы тікелей жасау әлеуметтік бағдарламаларды, көптеген территорияларды экологиялық сауықтыруды қоса алғанда, жүзеге асырудың қарқыны мен көлемін арттыруға мүмкіндік береді. [3].

Әрбір ел өзінің мұнай және қаржылық саясатын өзі қалыптастырады, ол мұнай өндіру компаниясының табыстарына әсер ететін объективті және субъективті факторлардың жиынтығынан құралады. Қазақстанның мұнай саясатында осы саладағы қаржы саясатының әлемдік тәжірибесін мұқият зерттеу қажет

Осы кезге дейін негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың негізгі көлемінің 25,3% Қазақстан Республика аумағында жүзеге асырылатын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері және 61,3% меншік нысандағы кәсіпорындар игерді. Ал мемлекеттік сектор 13,4% құрады. Мұнай және табиғи газ өндіруде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемнен 33,9%, ал жылжымайтын мүлікпен қызмет көрсетулер 21,1%, көлік және байланысқа 14,8%, өңдеу өнеркәсібі 10,4% болып табылады.

Қазақстан Республикасының негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемінің экономикалық көрсеткіші бойынша мәліметтері 2-суретте көрсетілген.



2-сурет – Инвестиция көлемінің экономикалық көрсеткіші

Мемлекеттің бюджетіне түсетін жалпы соманың 79 пайызы мұнай саласының үлесіне тиесілі. Жалпы Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға жұмсалған инвестицияның барлық көлемінің 80% шетелдік инвестициялар құрайды [4].

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды өндіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін өндіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын

құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және де рынок жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге алып келеді. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді.

Қай елде болмасын инвестицияның келуі инвестициялық климат дәрежесіне және оны анықтайтын факторларға тікелей байланысты. Инвестициялық климатты анықтау шетел инвесторларын тарту мен пайдалану саясатының негізгі міндеті болып табылады. Себебі, біріншіден, инвестициялық климат шетел инвесторларына әсер ететін факторларды анықтауға, екіншіден мемлекеттегі жағдайды тереңірек бағалауға, үшіншіден шетел субъектілерінің мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық климат мемлекетте, аймақта және қалада инвестицияның қызмет жағын анықтайтын заңдық, нормативтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени және тағы басқалары бір-бірімен байланысты факторлардың әсерінен қалыптасады. Яғни, инвестициялық климатты бірнеше көрсеткіштер (факторлар) арқылы бағалауға болады. Оларға: экономикалық реформаның жағдайы; банк жүйесінің тұрақтылығы; саяси реформаның тұрақтылығы; табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі; инвестициялық қызметтің құқықтық реттелу дәрежесі және халықаралық стандартқа сай жасалған заңдылықтар мен нормативтік актілердің болуы; инфляция қарқыны; сыртқы экономикалық байланыстар дәрежесі; білікті жұмыс күшінің болуы; мемлекеттік нарық потенциалының сипаты (ЖІӨ, халық саны); нарық инфрақұрылымының және валюта нарығының дамуы және тағы басқалар жатады[2].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының және де басқада елдердің экономистері осы аталып еткен бағыттарда зерттеуде, сонымен қатар соңғы жылдардың тәжірибесі керсеткендей шетел инвестицияларының басқа қаржылық жұмыстардан бірқатар артықшылығы бар деген шешімге келуге көмек берді.

Біріншіден, олар халыққа аса қажетті тауарлар мен қызметтерді қаржыландыру қосымша капитал көзі болып табылады; білім, тәжірибе, ноу-хоу, технологиялар, алдыңғы басқару әдістері мен маркетингтік трансфертің қамтамасыз етеді.

Екіншіден, шетел несиелері мен заемдарына қарағанда сыртқы қарыз өсуіне әсер етпей, керісінше оның қайтарылуына ықпал етеді.

Үшіншіден, олар тағыда халықтық жұмыспен қамтылуына, кадрлардың, инженерлердің біліктілігіне де әсер етеді.

Төртіншіден, экспорттық өнім сапысының жақсаруына және оның әлемдік нарыққа шығуына, валюталық түсімдердің өсуіне ықпал етеді.

Бесіншіден, өндірістік және ғылыми техникалық интеграциялық арқасында отандық экономиканың әлемдік шаруашылыққа тиімді енуін қамтамасыз етеді.

Алтыншыдан, бәсекелестік нарық ортанысының қалыптасуына әсер етеді, монополизммен күресуге көмегін тигізеді. Біздің ойымызша тікелей шетел инвестициялары шетел несиелерін ауыстырады (немесе қысады).

Мемлекетіміздің халықаралық бәсекелестік қабілеті ел экономикасына тартылған шетел фирмаларының инвестициясы мен оның табиғи байлықты игерудегі орнын анықтайды. Мұнан шығар қорытынды: жаңа инвестициялардың тартылуы, яғни Қазақстан болашағы ондағы инвесторлар тұтынуының қанағаттану дәрежесіне тәуелді.

Қорытындылай келе, қарастырылған теориялар инвестициялық қызмет ең жаңа, соңғы ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерге негізделуі тиіс, яғни біріншіден, инвестициялық қызметті арттыру үшін, ең алдымен, тауарлар мен қызметтердің ішкі нарығын қалыптастыру қажет. Бұл тұрақты экономикалық өсімді және тұрақты дамуды қамтамасыз етеді; екіншіден, технологиялық өсу ошақтарын қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын әкімшілік, экономикалық, институционалдық және басқа да шаралардың көмегімен арттыру бойынша жағдайларды қамтамасыз ету қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми-техникалық үдеріс нәтижелерін белсенді пайдалана отырып, инвесторлар елдің экономикалық тұрғыдан өсуін жылдамдатады. Сонымен бірге экономиканың дамуы мен өсуінің арқасында кәсіпорындар мен экономикалық белсенді халықтың кірістері «бостан бос қозғалыссыз» жатпай, иелеріне және мемлекетке де жұмыс істеп, пайда әкеліп, осылайша елдегі инвестициялық белсенділікті айқындады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев Н. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 58-60 б.
[2] Бланк И.А. Основы теории инвестиции. – СПб., 1996. – 256 с.
[3] Сергеев И.В., Веретенникова И.И. Организация и финансирование инвестиций. – М., 2000. – 211 с.
[4] Қазақстан Республикасындағы инвестиция туралы. Статистикалық жинағы. – Алматы, 2013. – 108 б.

REFERENCES

- [1] Nazarbaev N. Qazaqstan-2030: Barli'q qazaqstandi'qtardi'ng o'sip-o'rkendewi, qawipsizdigi ja'ne a'l-awqati'ni'ng artwi': El Prezi'dentining Qazaqstan halq#na joldawi'. Almati': Bilim, 1998. 58-60 b.
[2] Blank I'.A. Osnovi' teori'i' i'nvesti'ci'i'. SPb., 1996. 256 s.
[3] Sergeev I'.V., Veretenni'kova I'.I'. Organi'zaci'ya i' fi'nansi'rovani'e i'nvesti'ci'y. M., 2000. 211 s.
[4] Qazaqstan Respwbli'kasi'ndaghi' i'nvesti'ci'ya twrali'. Stati'sti'kali'q ji'naghi'. Almati', 2013. 108 b.

**ОСОБЕННОСТИ ИНВЕСТИРОВАНИЯ ОБСЛУЖИВАНИЕ
В КОНКРЕТНЫХ СЕКТОРАХ ЭКОНОМИКИ**

К. Н. Бекетова, Б. Б. Байсариева

Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Ключевые слова: инвестиция, инвестиционный климат, типы инвестиции, инвестиция на основной капитал, инвестиционная деятельность.

Аннотация. В статье анализируются основные типы и эффективность инвестиционной деятельности в Казахстане. Автор делает вывод, поддерживая важность инвестиций для экономического роста.

Поступила 23.10.2014 г.